

8D07201 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант Рамазанова Асельдің «*Dracocephalum nutans* L. және *Dracocephalum ruyschiana* L. негізінде микробқа қарсы жаңа дәрілік құралдарды жасау» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі, химия ғылымдарының докторы, профессор Атажанова Гаянэ Абдулкахимовнаның

ШІКІРІ

Рамазанова (Сабиева) Асель 2020 жылы КЕАҚ «Қарағанды медициналық университеті» – да 8D07201 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша докторантураға түсті. Диссертация тақырыбы: «*Dracocephalum nutans* L. және *Dracocephalum ruyschiana* L. негізінде микробқа қарсы жаңа дәрілік құралдарды жасау». Тақырыптың өзектілігі күмән тудырмайды, өйткені өсімдік шикізатынан биологиялық белсенді заттарды алудың тиімді әдісі ұсынылған және *Dracocephalum nutans* L. эфир майы негізінде жұмсақ дәрілік форманың технологиясы қарастырылған.

Докторантурада оқу барысында Рамазанова Асель фармацевтикалық өндіріс технологиясы саласында, атап айтқанда жұмсақ дәрілік формаларды алу саласында жақсы базалық білім көрсетті.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында үлкен эксперименттік жұмыс жасалды. Оларға: өсімдік шикізатын ультрадыбыстық әсермен экстракциялау, алынған сығындылардың микробқа қарсы белсенділігін анықтау, эфир майын бөліп алу және оның химиялық құрамын МС-ГХ әдісімен зерттеу, жұмсақ дәрілік форманы жасау үшін оңтайлы құрамды тандау, әзірленген микробқа қарсы гельдің биофармацевтикалық және реологиялық көрсеткіштерін зерттеу жатады.

Ғылыми - зерттеулердің нәтижесінде алғаш рет:

- гидродистилляция әдісімен алынған *Dracocephalum nutans* L. эфир майының химиялық құрамы анықталды; Негізгі компоненттері: 1,8-цинеол-34%, 2-борнанион – 9 %, эндо-борнеол - 2,5%, камфен – 2,6%, α-пинен-2,6%.

- *Dracocephalum nutans* L. өсімдіктерінен алынған эфир майының микробқа және зеңге қарсы белсенділігі және жедел уыттылығы зерттелді;

- *Dracocephalum nutans* L. шөбінің эфир майы негізінде микробқа қарсы дәрілік құралдың технологиясы жасалды және стандартталды;

- *Dracocephalum nutans* L. шөбінің эфир майы негізінде жасалған гелдің микробқа қарсы белсенділігі анықталды.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы «*Dracocephalum nutans* (Салбыраған жыланбас) эфир майын микробқа қарсы құрал ретінде қолдану» өнертабысы ҚР пайдалы модельге патентімен расталды. 05.05.2023 № 8038

Рамазанова Асель диссертациялық жұмысты орындау барысында өзінің ғылыми - зерттеу жұмысына қабілеттілігін көрсете білді. Диссертациялық жұмыстың міндеттерін орындауда, сонымен қатар алдына қойған мақсатына

жету үшін әдебиеттердің кең спектірін, инновациялық зерттеу әдістері мен технологияларды қолданған.

Рамазанова Асельдің диссертациялық жұмысы бойынша 7 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде: Scopus дерекқорына кіретін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдағы мақала – 3; ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдардағы мақалалар - 1; тезистер және Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардағы мақалалар (Украина, Қазақстан) - 3; пайдалы модельге патент – 1.

Рамазанова Асель еңбекқорлығымен, өзіне қоятын жоғары талабымен, критикалық ойлау қабілетімен, ғылыми - зерттеу жұмыстарын іске асыру барысындағы мұқияттылығымен, жұмыс нәтижелерін шығармашылықпен талдай білетіндігімен ерекшеленеді.

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Асель Рамазанованың «*Dracosephalum nutans* L. және *Dracosephalum ruyschiana* L. негізінде микробқа қарсы жаңа дәрілік құралдарды жасау» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысы білікті, аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады.

PhD докторант Рамазанова Асельдің 8D07201 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «*Dracosephalum nutans* L. және *Dracosephalum Ruyschiana* L. негізінде микробқа қарсы жаңа дәрілік құралдарды жасау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғарыбына сәйкес келеді, ал автордың өзі философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

ҚЕАҚ «Қарағанды медицина университеті»,
Фармация мектебінің профессоры, х.ғ.д.



Г.А. Атажанова